

"ЖЕТІБАЙ-КУЭСТ" БІРЛЕСКЕН КӘСПОРНЫ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 18 сәуір
1994 ж. N 399

Жетібай кен орнында мұнай өндіру деңгейін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Маңғыстаумұнайгаз" өндіріс бірлестігі мен "Куэст Петролеум Қазақстан ГмбХ" австрия фирмасы арасындағы ұнғымаларда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мен озық технологияларды енгізу есебінен Жетібай кен орнында көмір сутегін өндіруді жеделдету жөнінен "Жетібай-Куэст" бірлескен кәсіпорнын құру туралы шарт мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, Маңғыстау облысының әкімі жасасылған шарт шеңберінде "Жетібай-Куэст" бірлескен кәсіпорнын белгіленген тәртіппен барлық қажетті лицензиялармен және рұқсаттармен қамтамасыз етсін, сондай-ақ бірлескен кәсіпорын қызметінің ұйымдық мәселелерін шешу кезінде көмек көрсететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Маңғыстау облысы Ералиев ауданының әкімшілігі "Жетібай-Куэст" бірлескен кәсіпорнын белгіленген тәртіппен тіркейтін болсын.

4. "Жетібай-Куэст" бірлескен кәсіпорнының жұмысты орындау барысын бақылауды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Энергетика және отын қорлары министрлігіне тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі